

**«Pampers\_Вжух Instagram-да» (әрі қарай – Акция)**

1. Акцияның атауы (әрі қарай – Акция)	«Pampers_Вжух Instagram-да»	
2. Акция Ұйымдастырушысы туралы ақпарат	Атауы БСН	«АЛИДИ логистикалық компаниясы» ЖШС 160240033817
	Пошталық мекенжай	ҚР, 050051, Алматы қ., Қазыбек би к-сі, 117/86 «АЛИДИ логистикалық компаниясы» ЖШС Сұрақтар мен өтініштерге арналған телефон: +7 (727) 341 03 28
3. Акцияға Тапсырыс беруші туралы ақпарат.	Атауы:	«Проктер энд Гэмбл Қазақстан Дистрибьюшн» ЖШС (БСН 160640000220)  Мекенжайы: 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Назарбаев д-лы, 240Г
4. Акцияның өткізілу кезеңі.	4.1. Акция <b>01.02.2019 ж. – 15.04.2019 ж. аралығында өткізіледі.</b> 4.2. Фотосуреттерді соңғы күнді қоса 01.02.2019 ж. – 31.03.2019 ж. аралығындағы мерзімде Instagram-ға орналастыру қажет. 4.3 Жұлделерді беру кезеңдері: соңғы күнді қоса 15.04.2019 ж. дейін.	
5. Акцияның өткізілу аумағы мен мақсаты.	5.1. Акция Қазақстан Республикасының (әрі қарай – ҚР) аумағында Интернет жаһандық желісіндегі «Instagram» әлеуметтік желісінде өтеді. 5.2. Акцияның мақсаты «Pampers» өніміне тұтынушылардың сұранымын ынталандыру, сондай-ақ қатысушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту болып табылады.	
6. Акцияға қатысатын тауарлардың сипаттамасы.	6.1. Акцияға қатысатын тауарлар Pampers сауда белгісінің өнімдері болып табылады.	
7. Акция Қатысушыларын Ережелер туралы хабардар етудің тәртібі мен тәсілі	7.1. Акция қатысушыларына (әрі қарай – Қатысушы) хабарлау Ережелерді Акцияның бүкіл өткізілу мерзімінде <a href="https://www.pamperskz.com/ru-kz">https://www.pamperskz.com/ru-kz</a> немесе <a href="https://www.pamperskz.com/kk-kz">https://www.pamperskz.com/kk-kz</a> сайтында орналастыру арқылы жасалады	
8. Акцияның жүлде қоры.	8.1. Акцияның жүлде қоры Акция Ұйымдастырушысының есебінен құралады және мыналарды қамтиды: <b>Кепілді Жүлде</b> – Instagram-дағы Story-форматқа арналған брендтелген гиф-суреттер жинағы – Жұлделер саны осы Ережелердің 9.1–9.2 т. көрсетілген шарттарды орындаған Қатысушылар санымен шектеледі.	
9. Акцияның шарттары.	Акция Қатысушысы болу және Кепілді Жүлдені алу үшін:  9.1. Ережелердің 4.2.-т. көрсетілген кезең ішінде Акцияға қатысу үшін: <ul style="list-style-type: none"> <li>• ҚР аумағындағы кез келген дүкеннен Pampers ішкіім-жөргектерін сатып алыңыз</li> <li>• Оны сәбиіңізге кигізіп, фотосуретке түсіріңіз</li> <li>• Фотосуретті #PampersВжух хештегімен Instagram-ға (әрі қарай – Жұмыс) салыңыз</li> <li>• Pampers ішкіім-жөргектерін не үшін пайдаланатыныңызды айтыңыз (Қатысушының қалауы бойынша)</li> </ul> 9.2. Қатысушы Жұмысты өзінің Instagram-дағы профиліне орналастыруы тиіс, қатысушының аккаунты Акцияның бүкіл кезеңінде ашық болуы тиіс. 9.3. 9.1–9.2 т. көрсетілген шарттарды орындаған қатысушы Акцияның бүкіл кезеңінде бір рет қана Кепілді Жүлде ала алады. 9.4. Қатысушы осы Ережелердің 14.1-т. көрсетілген белгілерге сәйкес келуі тиіс.	
10. Қатысушылардың	<b>Қатысушылардың жұмысына қойылатын талаптар:</b>	

<p>жұмысына қойылатын талаптар.</p>	<p>10.1. Акцияға «Pampers» өнімінің жарнамасынан тыс, өзге брендтердің тауарлары мен қызметтерін жарнамалауға бағытталған суреттер мен мәтіндерден тұратын Жұмыстар қатыстырылмайды.</p> <p>10.2. Фотосуретте сәбидің дәл Pampers ішкіім-жөргегін киіп түскені анық көрінуі тиіс.</p> <p>10.3. Акция Қатысушыларының орналастыратын Жұмыстары этикалық нормаларға сәйкес келуі тиіс, атап айтқанда: әдепсіз белгілерге, ұлттық сипаттағы қорлау белгілеріне, Жұмыстардың саяси сипаттамасына тыйым салынған, күштеу сипатындағы және/немесе мейірімсіздік белгілері бар көріністердің сипаттамалары жарамайды. Жұмыстарда балағат сөздер, зорлық-зомбылыққа шақыру, порнографияны тарату, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған материалдар болмауы тиіс, сондай-ақ үшінші тұлғалардың авторлық және өзге құқықтары бұзылмауы тиіс. Жоғарыда сипатталған талаптарды бұзатын Жұмыстарды жою, жарияламау құқығын Ұйымдастырушы өзіне қалдырады.</p> <p>10.4. Жұмыстар 9.1, 10.1, 10.2., 10.3. тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, Ұйымдастырушы біржақты тәртіпте сәйкесінше Жұмысты Акциядан алып тастауға толық құқылы.</p> <p>10.5. Акция Қатысушысы Жұмысты орналастыра отырып, сол арқылы Жұмысқа құқықтар жеке өзіне тиесілі екенін растайды және жарияланған Жұмыстарға авторлық құқықтарды сақтауға байланысты наразылықтар немесе даулар туындаған жағдайда, Қатысушы пайда болуы мүмкін барлық шығынды қоса, оларды шешу үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.</p>
<p>11. Қатысушының құқықтары.</p>	<p>Қатысушының құқықтары:</p> <p>11.1. Акция Ережелерімен танысу.</p> <p>11.2. Акцияға осы Ережелерде белгіленген тәртіп бойынша қатысу, Ережелердегі өзгертулер туралы ақпаратты алу.</p> <p>11.3. Акция Ұйымдастырушысынан Акция Ережелеріне сәйкес Акция туралы ақпарат алу.</p> <p>11.4. Кепілді Жұлденің берілуін талап ету.</p>
<p>13. Ұйымдастырушының құқықтары</p>	<p>Ұйымдастырушының құқықтары:</p> <p>12.1. Жұмыстардың түпнұсқалылығына (плагиат болып қалмауы үшін) тексеру мен сараптама жүргізу.</p> <p>12.3. Ережелерді өзгерту немесе Акцияның өткізілуінің бірінші жартысында Акцияны болдырмау, бұл ретте Ережелердің өзгергендігі немесе Акцияның болмайтыны туралы Ережелердің 7-т. көрсетілген тәртіпте қатысушыларға хабарлау.</p> <p>12.4. Егер Жұмыстың мазмұны Қазақстан Республикасының заңдарына, мораль мен адамгершілік қағидаттарына қайшы келсе, өзге тұлғалардың абыройы мен намысына кір келтірсе, жарнамалық сипатта болса, Ұйымдастырушының шешімімен Жұмыстарды қабылдаудан бас тарту.</p> <p>12.5. Ұйымдастырушы Қатысушыдан қажетті мәліметтерді алмағаны, соның ішінде Акцияның өткізілуі кезінде пайдаланылатын байланыс арналарының техникалық проблемалары үшін, қате көрсетілген немесе ескірген байланыс деректерінің салдарынан Қатысушымен байланыс орната алмағаны үшін, соның ішінде қате электрондық адреске Кепілді Жұлдені жібергені үшін жауапты болмайды.</p> <p>12.6. Ұйымдастырушы Қатысушының қандай да бір қатесінің зардабы үшін, соның ішінде (басқаларын қоспағанда) соңғысына келтірілген шығындар үшін жауапты болмайды.</p>
<p>13. Жұлделерді алу тәртібі.</p>	<p>13.1. Жұлделердің берілуі 4.3-т. көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.</p> <p>13.2. Кепілді Жұлде келесі тәсілмен беріледі:</p> <p>13.2.1. Күнделікті негіз бойынша Акция Ұйымдастырушысы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Акцияның барлық шарттарын орындаған және Жұлделер жіберілетін Қатысушылардың тізімін жасау*;</li> <li>- Қатысушылардың Акцияға қайта қатысу тізімін тексеру;</li> </ul>

	<p>13.2.2. Барлық жаңа Қатысушыларға Кепілді Жұлделер жіберілімі жіберіледі, ол Instagram-дағы Директке кодтық сөзді жіберу арқылы жасалады, оны Instagram-дағы іздеу жолына енгізу қажет. Кодтық сөз Қатысушының 10 Pampers стикерінен тұратын гиф-сетке шығуын қамтамасыз етеді.</p> <p>* Қатысушылар тізімі – Қатысушылардың аккаунтына жасалатын сілтемелер тізбесі.</p> <p>13.3. Кепілді Жұлденің ақшалай баламасын төлеуді талап етуге рұқсат етілмейді.</p> <p>13.4. Ұйымдастырушының қатысы жоқ себептермен алмаған, соның ішінде Қатысушылардың қате/шындыққа жатпайтын ақпарат берулеріне байланысты жеткізілмеген Кепілді Жұлделер Қатысушыларға қайта тапсырылмайды.</p> <p>13.5. Кепілді Жұлделерді тапсыруға байланысты барлық сұрақтар бойынша Акция Ұйымдастырушысымен осы Ережелердің 2-т. көрсетілген телефон бойынша, сондай-ақ <a href="mailto:alidi.promo.kz@yandex.ru">alidi.promo.kz@yandex.ru</a> электрондық пошта адресіне хабарлама жіберу арқылы байланыс жасауға болады</p>
<p>14. Қосымша шарттар.</p>	<p>14.1. Акцияға Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын 18 жасқа толған тұлғалар қатыса алады.</p> <p>14.2. Акцияға қатысу автоматты түрде Қатысушының Ережелермен танысқанын білдіреді.</p> <p>14.3. Ұйымдастырушының, Тапсырыс берушінің қызметкерлерінің және олармен үлестес тұлғалардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің Акцияға қатысуға құқықтары жоқ.</p> <p>14.4. Қатысушы Акцияға қатыса отырып, сол арқылы өзінің «Instagram» әлеуметтік желісінде жариялаған Жұмыстарын «Проктер энд Гэмбл Дистрибьюторлық Компаниясы» ЖШҚ компаниясының сауда маркаларын, өнімдерін жарнамалау/анонстау мақсатында Қатысушыға сыйақы төлеместен «Проктер энд Гэмбл Дистрибьюторлық Компаниясы» ЖШҚ компаниясының әрі қарай пайдалануына, сондай-ақ Ұйымдастырушыға/Тапсырыс берушіге оларды пайдалану құқықтарын эфирге беру арқылы, көпшілікке көрсету және басқа да ерекше пайдалану құқықтарын беруге келіседі.</p> <p>14.5. Акция Қатысушысы Жұмысты орналастыра отырып, сол арқылы орналастырылған Жұмысқа қатысы бар барлық тұлғаның Жұмысты орналастыруға келісімін алғанын және наразылықтар немесе даулар туындаған жағдайда, Қатысушы оларды шешу жауапкершілігін, барлық шығындарды қоса, өз мойнына алатынын растайды.</p> <p>14.6. Акция Ұйымдастырушысы/Тапсырыс беруші Акцияның өткізілу аясында «Instagram» әлеуметтік желісіндегі техникалық ақаулар немесе сәйкесінше шалыс істеуі үшін жауапты болмайды.</p> <p>14.7. Қатысушыдан қажетті мәліметтерді алмағаны, соның ішінде Акцияның өткізілуі кезінде қолданылатын байланыс және/немесе байланыс арналары ұйымдарының кесірінен алмағаны, сондай-ақ қате көрсетілген немесе ескірген байланыс деректерінің салдарынан Қатысушымен байланысу мүмкін болмағаны үшін Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші жауапты болмайды.</p>